

Шағын кәсіпкерліктің республикалық ақпараттық-көрме орталығын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 наурыз N 325.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.17. N 1543 қаулысымен. ~P001543

Қазақстан Республикасында отандық өндіріс тауарларын рынокқа өткізуде ақпараттық және коммуникациялық мүмкіндіктерді кеңейту арқылы шағын кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің және Қазақстандық кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту орталығының Алматы қаласында Шағын кәсіпкерліктің республикалық ақпараттық-көрме орталығын (бұдан әрі - РАКО) құру туралы ұсынысы қолдау тапсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі РАКО ұйымдастыру мен дамыту үшін:

республикалық бюджетте шағын және орташа бизнес мониторингін жүзеге асыру мен инфрақұрылымын дамытуға арналып көзделген қаражаттан 10 млн. теңге бөлсін;

РАКО-ға алаңы 1000 шаршы метрден кем емес үй-жай және түрлі мақсаттарға арналған бес автокөлік беру шарттары жөніндегі мәселені шешсін.

РАКО тең құрылтайшысы. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1997.07.01. N 1039 қаулысымен. P971039_

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі РАКО-ның мұқтаждары үшін белгіленген тәртіппен байланыс желісі мен коммуникациялар беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі РАКО-ның қалыптасуы үшін техникалық көмек пен инвестициялар тартуда жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі ақпараттарды орналастыру және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шараларды көздесін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК